

# БІРІНШІ КУРСТАРҒА АРНАЛҒАН АНЫҚТАМА-КІТАПША 2019



# СІЗДІҢ КЕЛЕШЕҒІҢІЗ – БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ



Бұл анықтама-кітапшадағы барлық ақпарат оны баспаға жібергенге дейінгі мәліметтерге сай келеді. Ал одан кейінгі өзгерістер жайлы ақпаратты мына сайттан көруге болады: [www.satbayev.university](http://www.satbayev.university).

Егер де Сізде қандай да бір сұрақ туындайтын болса, А.Машани атындағы Базалық білім беру институтының деканатына хабарласыңыз.

(ГУК, 616-кабинет).  
Тел.: 8 727-292-43-06.

wi-fi: kaznitu  
Құпиясөз: K@zN!TU18



## **СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!**

Құрметті бірінші курс студенттері! Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне қош келдіңіздер! Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы атынан Сіздерді осы атаулы оқиға – қызығы мен шыжығы мол студенттік өмірге алғаш рет басқан қадамдарыңызбен құттықтаймын!

Сіздер ҚазҰТЗУ деп аталатын үлкен студенттік отбасының бір-бір мүшесі атандыңыздар. Бұдан былай осы атаққа лайық болып, биыл техникалық жоғары оқу орындарының IQAA-Ranking рейтингісі бойынша үздік атанған университеттің туын биік ұстаңыздар! Әрқашан алда болыңыздар!

Университетте оқу – үлкен өмірге бастайтын алғашқы қадам, келешектің сенімді негізі. Ол үшін ерінбей, қажымай-талмай еңбектену керек, ең бастысы – өзіңізге, күш-жігеріңізге сенімді болыңыз!

Сәтбаев Университеті қазіргі заманға сай жоғары әрі сапалы білім алуға тамаша мүмкіндіктер ашатын alma mater болары сөзсіз. Бұл жерде терең білім алып, сол білімдеріңізді Отанымыздың күш-қуатын арттыруға жұмсау үшін Сіздерге жаңа мүмкіндіктер ашылады.

Қымбатты бірінші курс студенттері! Сіздер де осы оқу орнын жыл сайын бітіріп жатқан талай түлектер сияқты ғылым-білім бұлағынан нәр алып, еліміздегі ең үздік техникалық оқу ордасының абыройын одан сайын асқақтата беруге өз үлестеріңізді қосасыздар деп біз кәміл сенеміз.

**Сол жолда Сіздерге сәттілік, шығармашылық табыс пен жетістіктер тілеймін!**

*Сәтбаев Университетінің Ректоры,  
ҚР ҰҒА-ның академигі Ескендір БЕЙСЕМБЕТОВ*

# ҮЗДІК ТЕХНИКАЛЫҚТА ҮЗДІК БОЛ!

**ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС**



**СТУДЕНТТЕРІ**

**БҰЛ НАВИГАТОР АРНАЙЫ СІЗДЕР ҮШІН ЖАСАЛДЫ!**

Сәтбаев Университетінің студенті атанумен қатар Сіздер өмірдің жаңа кезеңіне – студенттік жылдарға аяқ бастыңыздар. Бұдан былай Сіздер мақсаты мен мүддесі, дәстүрі мен ұстанымы ортақ үлкен команданың бір-бір мүшесісіздер. Сондықтан да бұл анықтама-кітапшаны жай ғана қарап қоймай, ондағы әрбір жазбаға назар аударып, мұқият оқыңыздар. Университет және оқу әдісі жайлы мұнда берілген толық ақпарат – студенттік өмірдің алғашқы кезеңінде Сіздерге өте қажет. Ол Сіздерге оқу орнының ережесі мен тәртібіне тез үйреніп, студенттік өмірдің қыр-сырын тереңірек түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ мұндағы ақпарат Сіздердің ата-аналарыңыз үшін де өте қажет.

***Сонымен, оқуға әрі істеріңізге сәттілік тілейміз!***

***ҚазҰТЗУ-дың А. Машани атындағы  
Базалық білім беру институтының командасы***



## КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙТЫН ІСТЕР ТІЗІМІ



### ***Бірінші курс студенттері, назар аударыңыздар!***

- 1 Осы анықтама-кітапшаны мұқият оқып шығыңыз.
- 2 Математика, физика, ағылшын, қазақ/орыс тілдері пәндерінен диагностикалық тест тапсырыңыз.
- 3 Жатақханада тұру үшін өтініш қалдырыңыз *(толығырақ 22-бетте)*.
- 4 Бағыт-бағдар беру апталығы кезінде болатын дәрістер мен практикумдарға қатысыңыз *(19–23 тамыз 2019 ж.)*.
- 5 **ID-карта** алыңыз.
- 6 Ғылыми кітапханада экскурсия өтіңіз.
- 7 Шәкіртақы алу үшін банктен *(Банк Центр Кредит, Каспи банк, Халық банк, АТФ)* карта ашыңыз да, ол туралы реквизиттерді бухгалтерияға өткізіңіз.
- 8 Инстаграмдағы **dekanat\_ibo** аккаунтына жазылыңыз.
- 9 Бас оқу ғимаратындағы *(ГУК)* 341-кабинетте Әскери есепке тұрыңыз *(ер балаларға)*.
- 10 **«Оңай»** бірыңғай көлік картасына тапсырыс беріңіз *(толығырақ 37-бетте)*



## SU СТУДЕНТІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

**Сәтбаев Университетінде** жоғары мәдениеттілік, ізгілік, айналадағы жандарға деген құрмет, әдептілік пен сыпайылық ережелері берік қалыптасқан. Кодексте басты орын алатын қоғамның адамгершілік қағидаттары мен құндылықтары студенттің күнделікті тыныс-тіршілігінің тиімділігін арттырады, оның кәсіби маман, әрі жан-жақты білікті тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Мұның бәрі тұтастай алғанда университеттің абыройын асқақтатып, дәрежесін өсіреді.




## SU СТУДЕНТІ

- ▶ Жауапкершілігі мол, бастамашыл, кәсіби тұрғыда мақсатшыл;
- ▶ Басқа студенттерге, оқытушы-профессорлар қауымына, әкімшілікке, Университеттің басқа да қызметкерлеріне сыйластықпен, құрметпен қарайды;
- ▶ Университетте қалыптасқан этикалық нормалар мен әдептілік ережелерін сақтап, өз тәртібі мен түр-тұрпаты арқылы басқаға үлгі болады;
- ▶ Қандай да болмасын жағдайда тәртіп сақтайды, дөрекі сөйлемейді;
- ▶ Сабақтан қалмайды, оқуда озат, үлгілі, Университеттегі қоғамдық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласады;
- ▶ Туысқандық және қызметтік байланыстарын оқу үлгеріміне қолданбайды, оқу үдерісінде жемқорлыққа жол бермейді (пара беруші мен пара алушы екеуі де заңды түрде бірдей жауапқа тартылады). Жемқорлыққа қарсы қызмет орталығы – тел. 1424;
- ▶ Рұқсатнамалық тәртіп ережелерінің талаптарын орындайды, қауіпсіздік қызметкерлеріне ID-картаны тәртіп бойынша көрсетіп отырады, егер де біреудің қалып қойған заты немесе күдікті заттар байқалса, дереу қауіпсіздік қызметкерлеріне хабарлайды;
- ▶ Университеттің мүлкіне мұқият болады, жан-жағында тазалық пен тәртіп сақтайды.
- ▶ «Студенттің академиялық адалдық кодексін» қатаң сақтайды.





# ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ



Университет ғимараттарына тек ID-карта арқылы ғана кіруге болады. Оны басқа тұлғаға беруге немесе басқа біреудің ID-картасын қолдануға тыйым салынады. Студенттердің ата-аналары келген жағдайда оларға бір күндік рұқсат беретін құжат беріледі *(жеке куәлігі бойынша)*.

Университет ғимараттарында және территориясында темекі шегуге тыйым салынған. Ол үшін арнайы белгіленген жерге *(Байтұрсынов пен Сәтбаев көшелерінің қиылысы, НК алдында)* бару керек.

Университет студенті өзінің атына сай болып, түр-тұлғасына, шашына, сырт киіміне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Спорт, демалысқа арналған киім және аяқкиіммен университетке келуге болмайды. *Casual* стилін сақтау қажет.

## **Білу маңызды:**

Университеттің ішкі тәртіп ережелерін және жатақханада тұру ережелерін бұзу жағдайы Жедел қызмет орталығының назарында болып, Базалық білім беру институтының деканатымен бірлесе отырып қарастырылады және төмендегі тәртіп жазаларының бірі қолданылады:

ескерту

сөгіс

қатаң сөгіс

университеттен шартты түрде шығару

университеттен шығару

## «АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ» ДЕГЕН НЕ?

Оқу орнындағы академиялық адалдық «Студенттердің академиялық адалдық кодексі» арқылы қадағаланып, реттеліп отырады (оны Университеттің сайтынан жүктеп алуға болады). Осы құжатқа сәйкес төменде көрсетілген жағдайларға тыйым салынады:

- оқуда алда болу үшін жеке туыстық, таныстық немесе қызметтік қарым-қатынасты қолдануға;
- жемқорлыққа жол беруге;
- оқытушылар мен студенттерге дөрекілік және құрметтемеушілік мінез көрсетуге;
- бақылау жұмысы үстінде басқа студенттерден көшіруге немесе олардың көмегіне жүгінуге;
- плагиат, яғни әртүрлі дайын тапсырмаларды (рефераттарды, курстық және бақылау жұмыстарын), сондай-ақ интернет-ресурстарды өз еңбегі ретінде қолдануға;
- білім деңгейін тексеру іс-шараларына (әсіресе емтихандарға) өзінің орнына басқа адамды кіргізуге;
- Университетте оқуға қатысты кез келген құжаттарды қолдан жасауға.

**Жоғарыда көрсетілген Кодекстің ережелерін бұзған жағдайда әртүрлі тәртіп жазалары қолданылады, тіпті Университеттен шығарып жіберу қаупі де бар!**



## КРЕДИТТІК ОҚУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Университеттегі оқу үдерісі Оқытудың Кредиттік Технологиясы (КТО) негізінде жүзеге асырылады, яғни оқу үдерісі студенттің таңдауы бойынша оқу пәндеріне жасалған өзіндік жоспарға негізделеді. Әрбір пәннің оқу көлемі кредиттік өлшем бірлігі бойынша белгіленеді.

Кредит (Credit Hour) – оқу жұмысының көлемін өлшейтін бірлік; 1 кредит = 1 академиялық сағат (50 минут); академиялық оқу мерзімі бойынша аптасына бір рет аудиторияда бетпе-бет жұмыс істеуге 1 академиялық сағат беріледі. Әрбір академиялық сағат – 2 сағаттық (100 минут) Студенттің өзіндік жұмысынан (СӨЖ және СОӨЖ) тұрады. Әрбір пән 3 кредитпен бағаланады да (1, 2 кредитпен бағалану өте сирек кездеседі), бір семестр бойына оқытылады.

Оқытудың Кредиттік Технологиясы ережелеріне сәйкес студент өзінің білім алу бағдарламасын семестр сайынғы жеке оқу жоспарын (ИУП) құру арқылы игереді. Ол жоспар таңдаған мамандығының типтік оқу жоспары (РУП) мен элективтік пәндер каталогы (КЭД) негізінде құрылады. Мамандық бойынша толық дәрежелі білімді меңгеру үшін студент оқу жоспары бойынша тиісті пәндерді алып, өз жеке оқу бағдарламасын толық орындауы тиіс.

Оқытудың Кредиттік Технологиясы жөніндегі толық ақпаратты **satbayev.university** білім беру порталынан немесе **@dekanat\_ibo** инстаграм-акаунтынан жүктеп алуға болады. Ал қосымша ақпарат алу үшін Тіркеуші кеңсе (ОР) №1 бөлімге, кез келген оқытушыға, өз эдвайзеріне немесе деканат қызметкерлеріне жолығуға болады.

# ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу жылы академиялық мерзімдерден (семестр), қорытынды бақылаудан (емтихан сессиясы), практика мен демалыстан тұрады. Сәтбаев Университетінде бір академиялық мерзім – бір семестр (15 апта) және 2 апталық емтихан сессиясынан (қорытынды бақылаулары) тұрады.




---

**Маңызды!** Келесі оқу жылының пәндеріне тіркеуден өту  
10 ақпан – 28 наурыз, 2020ж.



## АҒЫМДАҒЫ ҮЛГЕРІМНІҢ ШЕКТІК БАҒАСЫ



## САБАҚ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ

Білім беру порталы – студенттер, оқытушылар, ата-аналар, жұмыс берушілер және Университет басшылығы үшін жұмыс істеу орны болып табылады: (<http://sso.satbayev.university/>).

Портал студенттер мен оқытушыларға пәндік материалдар бойынша электрондық оқулықтарға, типтік оқу және жеке жоспарларға (РУП және ИУП), сабақ пен емтихандар кестесіне, эдвайзерлер мен жұмыс берушілер туралы мәліметтерге, жаңалықтар мен жарнамаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ата-аналар балаларының оқу үлгерімі мен оқудағы жетістіктерімен (студенттің *аккаунтынан*) таныса алады.

## ПӘН БОЙЫНША НЕГІЗГІ БАҒАЛАР

Пән бойынша қорытынды баға ретінде ағымдағы үлгерімнің бағалары – 2 қорытынды бақылау (midterm+end-of-term) мен соңғы емтихан бағасының қосындысы алынады.

**A**

Стандартты бағалар:

**B**

- «**A**» және «**A-**» – «өте жақсы» деген баға

**C**

- «**B+**», «**B**», «**B-**» және «**C+**» – «жақсы» деген баға

**D**

- «**C**», «**C-**», «**D+**» және «**D**» – «қанағаттанарлық» деген баға

«**FX**» деген баға – «қанағаттанарлықсыз» баға болып саналады, яғни емтиханды қайтадан тапсыру керек деген сөз.

**FX**

Егер студент оқу семестрі кезінде (2 аттестация үшін) жалпы жиыны 25-тен кем емес балл жинап, емтихан кезінде 10-нан артық балл жинаса, дегенмен пән бойынша шектік 50 балл ала алмай қалған жағдайда «**FX**» деген баға қойылады.

«**F**» (fail) деген баға – «қанағаттанарлықсыз» баға болып саналады, яғни пәнді ақылы түрде қайтадан оқу деген сөз.

**F**

«**F**» деген баға төмендегідей жағдайларда қойылады, егер студент: – бір пәннен 20%-дан жоғары сабақ қалдырған болса (Ол үшін барлық сабақтарға міндетті түрде қатысу керек. Сабақ қалдыруға рұқсат етілген ең жоғарғы шектік сан – 20%, яғни егер пән 3-кредитті болса – 9 рет; ал егер 2-кредитті болса – 6 рет қана сабақ қалдыруға болады).

– екі аттестация үшін жалпы саны 25-тен төмен балл жинаған болса;  
– емтихан үшін 10-нан төмен балл жинаған болса;  
– емтиханға себепсіз келмей қалған жағдайда;  
– емтихан кезінде тыйым салынған заттарды (шпаргалка, гаджет) қолданған болса және басқаша тәртіп бұзған жағдайда;  
– егер де «**FX**» бағасын алған студент емтиханды қайтадан тапсырған кезде 50-ден жоғары шектік балды жинай алмаған жағдайда.

I

«I» (incomplete) деген баға «Пән аяқталмады» дегенді білдіреді, яғни GPA есептеген кезде ол саналмайды деген сөз. Егер де студент пәннің оқу бағдарламасын орындап, семестр бойына 25-тен кем емес балл жинаған болса, әрі емтиханға жіберіліп, белгілі бір себептермен емтиханға келе алмай қалған жағдайда осы «I» бағасы қойылады:

- ауырып қалғаны медициналық түрде дәлелденген болса;
- жақын бір туысы (*ата-анасы, туған ағасы немесе әпке-сіңлісі, қарындасы*) қайтыс болған жағдайда.

*\*басқа бағалар туралы толығырақ ақпаратты «Оқытудың Кредиттік Технологиясы» ережесінен (Университет сайтында) білуге болады.*

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЗІЛІС

Студенттің денсаулығына немесе бала тууға байланысты берілетін үзіліс **академиялық демалыс** түрінде ресімделеді. Академиялық демалыс қалалық студенттік емхананың дәрігерлік кеңес комиссиясының (ВКК) шешімі негізінде 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге беріледі, өте сирек ерекше жағдайда – 2 жылға дейін беріледі.

Ақылы бөлімде оқитын студентке мына жағдайларда **академиялық үзіліс** берілуі мүмкін:

- ұзақ науқасқа шалдыққан болса (егер де емдік мерзімі 4 аптадан артық созылатын болса);
- бала туу немесе отбасы мүшелерінің біріне күтім керек болған жағдайда;
- отбасының қаржылық қиыншылықтарға душар болуына байланысты.

*Қосымша ақпарат алу үшін Базалық білім беру институтының деканатына (ГУК, 616-каб.) және Университеттің медициналық орталығына (бас дәрігер С. Б. Базарбекова, МУК, 6-каб., тел. 292-57-80) жолығу керек.*



## GPA – ОҚУ ҮЛГЕРІМІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ

GPA (Grade Point Average) – барлық оқыған пәндердің орташа бағасы.

GPA-дің ең жоғарғы көрсеткіші – **4.0**. Сәйкесінше көрсеткіш **3.0** баллдан жоғары болса, жақсы көрсеткіш болып саналады. Ал **2.0** немесе одан төмен болса, онда студент «тәуекел аймағына» түсіп қалады.

### GPA қалай есептеуге болады?

Мысалы:

Пән	Кредиттер саны	Әріп жүйесі бойынша қойылатын баға	Сандық эквивалент
Математика-1	3	A	4.00
Риторика	2	B	3.00
Физика-1	3	F	0

1. Әрбір пәннің кредиттер санын бағаның сандық эквивалентіне көбейтеміз:

Математика-1	$3 \times 4.00 = 12.00$
Риторика	$2 \times 3.00 = 6.00$
Физика-1	$3 \times 0 = 0$


2. Алынған санды қосамыз: қорытынды көлем  $= 12 + 6 + 0 = 18.00$

3. Кредиттердің жалпы санын есептеп шығарамыз:  $3 + 2 + 3 = 8$ .

$$\text{GPA} = \frac{\text{Қорытынды көлем}}{\text{Жалпы кредит саны}} = \frac{18.00}{8} = 2.25$$

Осы формула бойынша семестрлік GPA есептеп шығаруға болады (1 семестрдегі қорытынды көлем мен кредиттердің жалпы саны) және жылдық GPA (тұтас бір оқу жылының қорытынды көлемі мен кредиттерінің жалпы саны). Студенттің келесі курсқа көшіп, мемлекеттік білім грантын сақтап қалуы үшін оқу үлгерімінің ең төменгі GPA мынадай болу керек: **1-ден 2-курсқа** көшу үшін – 1.6, ал қалған курстардан көшу үшін – 1.8.





<b>ӘРІПТІК ЖҮЙЕ БОЙЫНША БАҒАЛАР</b>	<b>САНДЫҚ ЭКВИВАЛЕНТ</b>	<b>БАЛЛ САНЫ</b>
A	4.00	95-100
A-	3.67	90-94
B+	3.33	85-89
B	3.00	80-84
B-	2.67	75-79
C+	2.33	70-74
C	2.00	65-69
C-	1.67	60-64
D+	1.33	55-59
D	1.00	50-54
FX	0.50	25-49
F	0	0-24



## 2019–2020 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

### 2019–2020 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КҮЗГІ СЕМЕСТРІ

1-курс студенттеріне арналған бейімділік аптасы және диагностикалық тестілеу	19–23 тамыз, 2019 ж.
1-курс студенттері үшін 2019–2020 оқу жылының күзгі семестріне арналған сабақ кестесін құрастыру	24 тамызға дейін, 2019 ж.
1-курс студенттері үшін күзгі семестр пәндері бойынша теориялық курстардың басталуы	26 тамыз 2019 ж.

<b>Қазақстан Республикасы Конституциясының күні</b>	<i>30 тамыз, 2019 ж., жұма</i>
<b>Пәннен бас тарту мерзімі ("W")</b>	<i>28 қыркүйекке дейін, 2019 ж.</i>
<b>1-аттестациялық апта</b> <i>(семестрдің 8-аптасы)</i>	<i>7–12 қазан 2019 ж.</i>
<b>1-курс студенттерін екінші оқу жылына тіркеу</b> <i>(күзгі семестр)</i> <i>Пәндерді өзің таңда!</i>	<i>28 қазан – 16 қараша 2019 ж.</i>
<b>2-аттестациялық апта</b> <i>(семестрдің 15-аптасы)</i>	<i>25–30 қараша 2019 ж.</i>
<b>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні</b>	<i>1 желтоқсан, 2019 ж., жексенбі</i>
<b>Күзгі семестрдің емтихан сессиясы</b> <i>(2 апта)</i>	<i>2–14 желтоқсан, 2019 ж.</i>
<b>2019–2020 оқу жылы күзгі семестр емтихандарының нәтижесін апелляцияға беру мерзімі</b>	<i>Тапсырыс: емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін 1 жұмыс күнінен кешіктірмей беру керек; Нәтижелері: 7 күн аралығында</i>
<b>Студенттерді 2019–2020 оқу жылының көктемгі семестрі сабақ кестесіне тіркеу.</b> <i>Сабақ кестесін өзің құра!</i>	<i>3–20 желтоқсан, 2019 ж.</i>
<b>Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні</b>	<i>16-17 желтоқсан, 2019 ж., дүйсенбі-сейсенбі</i>
<b>2019–2020 оқу жылы көктемгі семестрінің сабақ кестесін құрастыру</b>	<i>30 желтоқсан, 2019 ж.</i>
<b>Қысқы демалыстар</b> <i>(оқуға қайтадан қабылдау және ЖОО-ға ауысу мерзімі)</i>	<i>15 желтоқсан 2019 ж. – 19 қаңтар 2020 ж.</i>

## 2019–2020 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КӨКТЕМГІ СЕМЕСТРІ

Көктемгі семестр пәндері бойынша теориялық курстардың басталуы	20 қаңтар, 2020 ж.
Қайта тіркеу мерзімі (Add/Drop аптасы). ИУП-ты түзету	20–24 қаңтар, 2020 ж.
2020-2021 оқу жылының күзгі және көктемгі семестрі пәндеріне жылдық тіркеуден өту	10 ақпан – 28 наурыз, 2020 ж.
Студенттердің ИУП-тарына қол қою және пәннен бас тарту мерзімі (“W”)	15 ақпанға дейін, 2020 ж.
<b>Халықаралық әйелдер күні</b>	<b>8 наурыз, 2020 ж., жексенбі</b>
1-аттестациялық апта (семестрдің 8-аптасы)	9–14 наурыз, 2020 ж.
1-курс студенттері әскери кафедрада оқу үшін өтініш қабылдау	6–24 сәуір, 2020 ж.
<b>Наурыз мейрамы</b>	<b>21–23 наурыз, 2020 ж., сенбі-дүйсенбі</b>
<b>Қ.И. Сәтбаевтың туған күні</b>	<b>12 сәуір, 2020 ж.</b>
«Вакансия жәрмеңкесі-2020»	24 сәуір, 2020 ж.
2-аттестациялық апта (семестрдің 15-аптасы)	27 сәуір – 2 мамыр, 2020 ж.
<b>Қазақстан халықтарының бірлігі күні</b>	<b>1 мамыр, 2020 ж., жұма</b>

Көктемгі семестрдің емтихан сессиясы	3–23 мамыр, 2020 ж.
Қазақстан Отан қорғаушыларының күні	7 мамыр, 2020 ж., бейсенбі
Жеңіс күні	9 мамыр, 2020 ж., сенбі
Жазғы семестр пәндеріне тіркелу (2 апта)	25 мамыр – 5 маусым, 2020 ж.
2019–2020 оқу жылы көктемгі семестрінің емтихандары нәтижесін апелляцияға беру мерзімі	Тапсыру: емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін 1 жұмыс күнінен кешіктірмей беру керек
1-курс студенттері үшін оқу және өндірістік практика (қорғауды қосқанда – 2 апта)	25 мамыр – 6 маусым, 2020 ж.
Жазғы демалыстар (оқуға қайтадан қабылдау және басқа ЖОО-ға ауысу мерзімі)	(25 мамыр) 6 маусым – 16 тамыз, 2020 ж.
Жазғы семестр: Модуль (6 кредиттен көп емес) – 6 апта	22 маусым – 2 тамыз, 2020 ж.
Астана күні	6 шілде, 2020 ж., дүйсенбі
2020–2021 оқу жылының 1-семестрі сабақ кестесіне студенттерді тіркеу	20 шілде – 1 тамыз, 2020 ж.
2020–2021 оқу жылының 1-семестрі сабақ кестесін құру	8 тамыздан бастап, 2020 ж.

## УНИВЕРСИТЕТ ЖАТАҚХАНАЛАРЫ

Университеттің барлық жатақханалары қаланың орталығында орналасқан. Демек, Алматы қаласының өте маңызды нысандары – әртүрлі дүкендер, асханалар мен кафелер, театр және кинотеатрлар, кітапхана, дәріхана және басқа да ойын-сауық орындары студенттерге жақын жерде деген сөз.

*Университет территориясында № 1, 2, 3, 4 (Сәтбаев көшесі, 22в) және №5 жатақхана (Төле би көшесі, 124) бар.*

### ЖАТАҚХАНАДАН ОРИНДЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қабылдау комиссиясына құжат тапсырғаннан кейін Университеттің сайтындағы (**kb.kaznitu.kz**) жеке кабинетіңізге кіріңіз;

«Жатақхана қажет» деген пунктті басыңыз;

«Тұрғылықты жері» деген қосымшаға ХҚКО-нан (ЦОН) алған мекенжай туралы анықтаманы енгізіңіз;

1-2 жұмыс күні өткеннен кейін мекенжай туралы анықтаманың түпнұсқасы мен **3x4** көлемдегі **3** фотосуретіңізді алып, №1 жатақханаға барыңыз (*Паспорт үстелі, кіретін есік жанынан*).

\* Сондай-ақ Базалық білім беру институтының деканатына (ГУК, 616-каб.) өтініш жазып қалдыруға болады.



## ӘСКЕРИ ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ІС ИНСТИТУТЫ

► Оқу жылының басында барлық жігіттер әскери есепке тіркелулері тиіс. Ол үшін ГУК 341-кабинетіне бару керек. Өзімен бірге жеке куәлігінің көшірмесі, әскери тіркелу куәлігі (түпнұсқа), мекенжай туралы анықтама (Алматы қаласында уақытша немесе тұрақты тіркелген) болуы керек. ҚР-ның 18 жасқа толған барлық ер азаматтары әскер қатарына шақырылатын болғандықтан, бұл іс-шара әскери қызметті кейін шегеру үшін (университетте оқу мерзіміне орай) жасалады.

**► Ескерту! Егер де сіз әскери есепке уақытылы тіркелмеген болсаңыз, Сізді ҚР-ның «Әкімшілік құқық бұзу кодексінің» «Азаматтардың әскери тіркелу міндеттерін орындамау» туралы 647-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартып, 5 АЕК (МРП) көлемінде айыппұл төлетеді.**

Әскери істер институты (әскери кафедра) студенттерге запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындық жүргізеді. Мұнда студенттер негізгі мамандығымен қатар әскери дайындықтан да өтіп, екінші (әскери) диплом алып шығады. Сәтбаев университетін бітіргеннен кейін түлектер Қазақстан Республикасының қарулы күштері құрамында да қызмет етуге мүмкіндік алады.

Әскери кафедрада оқуға конкурстық негізде қабылданады. Медициналық тексерістен өтумен қатар студенттер кәсіби-психологиялық тест тапсырады; физикалық түрде дайындығы, яғни спорттық даярлығын тексереді. Студенттің Сәтбаев Университетінде оқыған мерзіміндегі GPA көрсеткішіне қарап комиссия шешім қабылдайды.

**Байланыс үшін:** Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 140.  
Тел.: 8 (727) 292 0087.

## SU СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАРЫ

Студенттік өмір – шығармашылық тұрғыда ашылуға әрі дамуға өте ыңғайлы кезең. Оның бәріне студенттік ұйымдарға қатыса отырып, қол жеткізуге болады. Бұл орайда университетте әртүрлі бағыттағы көптеген студенттік ұйымдар мен клубтар жұмыс істейді. Олардың ортақ мақсаты – университет өмірін жандандыру мен студенттік өмірлерін естен кетпейтіндей етіп өткізу. Сондықтан да жыл сайын қыркүйек айында дәстүрлі «Студенттік қауымдастықтар жәрмеңкесі» өткізіледі. Оған бойында таланты мен дарыны бар кез келген студент қатысып, өзіне ұнайтын ұйым мүшесі болуға мүмкіндік алады.



### ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ (ҚДМ)

ҚДМ студенттердің оқу үдерісіне араласу жөніндегі құқықтарын қамтамасыз етумен, жастардың рухани, мәдени, спорттық тұрғыдан дамуына, білімді болып қалыптасуына мүмкіндік жасаумен, жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру және олардың әлеуметтік маңызы зор бастамаларын іске асырумен шұғылданады.

### «ЖАС ОТАН»

«Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты Университет қабырғасында 9 жылдан астам қызмет етуде. «Жас Отан» белсенділер тобы оқуы төмен студенттерге көмек беру қызметімен айналасады, сондай-ақ спорттық іс-шаралар мен әртүрлі жарыстарды өткізуді, депутаттар және бизнес өкілдерімен кездесуді ұйымдастырады. «Жас Отан» кубогы үшін жыл сайын өтетін чемпионат жастар арасында қызығушылық танытып келеді.

### «ЖАС ҚАНАТ» КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ

«Жас қанат» студенттік кәсіподақ ұйымының негізгі жұмысы студент-жастардың құқығын қорғауға; студенттерге (жетімдерге, мүгедектерге) материалдық көмек беруді ұйымдастыруға; олардың тұрмыстық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге; студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыратын мәдени-көпшілік іс-шараларды (пікірсайыстар) ұйымдастыру және олардың арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру үшін әртүрлі спорттық жарыстарды (футбол, баскетбол, шахмат, волейбол) өткізуге бағытталған.



### **SOCIETY OF YOUNG PROGRAMMISTS (SYP)**

SYP – «Python» бағдарлама тілін меңгергісі келетін студенттерге арналған программисттер клубы. Бұл ұйым мүшелерінің ең басты стратегиялық мақсаты – жыл сайынғы «Хакатон» байқауын жеңіп алу. Командаға барлығы да қабылданады, ең бастысы – алға мақсат қойып, соған жете білу және талантты стартапшы ретінде таныту.

### **SOCIETY OF AUTOMOTIVE ENGINEERS (SAE)**

Ғаламдық Society of Automotive Engineers (SAE) қоғамының бір бөлшегі болып табылатын университеттік SAE қауымдастығы – болашақ инженер мамандарға арналған клуб, мұнда студенттер инженерия мен жобалау саласында өз білімдері мен тәжірибелерін ортаға салады. Бұл күнде оның құрамында дүние жүзінің 97 мемлекетінен 121 000-нан астам мүшелері бар. Қауымдастық кәсіби тұрғыда дамуға толық әрі жан-жақты қолдау көрсетіп, үнемі семинарлар, симпозиумдар мен электронды түрде оқу өткізіп тұрады.



### **SATBAYEV HUNTERZ**

Бұл жаңа форматта жұмыс істейтін студенттік ұйым, Сәтбаев Университетінің бетке ұстары десе де болады. Қалалық немесе Университет көлеміндегі іс-шараларға қатысады. Коммуникация және маркетинг департаментінің қарамағында бола тұра, Satbayev Hunterz мүшелері үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен және әртүрлі деңгейдегі жобаларды іске асырумен айналысады.

### **ЕРІКТІЛЕР (ВОЛОНТЕРЛАР) ЛИГАСЫ**

«Волонтерлар лигасы» қоғамдық қорының бөлімшесі – жағдайлары төмен, кіріп-тар жандарға көмек қолын созуға дайын, мүдделері мен ниеттері сәйкес келетін адамдарды біріктіретін қоғамдық қор. Сәтбаев университетінің аталмыш қоры әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға жиі қатысады: олар қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы ақпараттар таратады, қоғамдық акциялар өткізеді, семинарлар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастырады.

### **SPE (Society of Petroleum Engineers) Student Chapter**

Бұл – мұнай өнеркәсібіне қарасты техникалық мамандарды біріктіретін халықаралық коммерциялық емес кәсіби ұйым. KNTU SPE Student Chapter 2012 жылы SPE Алтын стандартына ие болып, 2015 жылы дүние жүзіндегі ең үздік студенттік бөлімше атанды. Мұнда студенттер тек ғылыми жұмыстармен шұғылданып қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі ғылыми-практикалық конференцияларға, жобалар байқауына, интеллектуалды ойындар мен бағдарламаларға да қатысады. Сондай-ақ шешендік дарынды арттыруға, ағылшын тілін жетілдіруге арналған үйірмелер де бар.



### **КӨҢІЛДІ ТАПҚЫШТАР КЛУБЫ (КВН)**

Сәтбаев Университетінің КВН – әрбір студенттің талантын ашатын шығармашылық ұйым болып табылады, әрі сахналық және шешендік өнерді дамытуға да атсалысады. Бұл студенттердің ішкі өнерін дамытуға, әртістік қабілетін арттыруға, үлкен шығармашылық жобаларға қатысуға жол ашатын сахналық алаң. КВН – шын мәнінде келешек сценаристтік, режиссерлік пен продюсерлік шеберлікті дамытатын өнер мектебі болып табылады. Біздің өнерпаздар теле- және киноиндустрия саласында, ірі телевизиялық жобаларда, атап айтқанда, «ҚызықTimes», «Патруль», «ТематикShow» жобаларында сәтті еңбек етіп, бірнеше youtube-жобалардың авторы атанып жүр.

### **ПІКІРСАЙЫС КЛУБЫ (IDC)**

Intellectual Debate Club – Алматы қаласында құрылған алғашқы пікірсайыс клубтарының бірі, оның 15 жылдық тарихы бар. Алматы және Астана қалаларында өтетін барлық пікірсайыстар турниріне қатысады. 2015 жылы «Жаңашылдар лигасы» турнирінің кубогын жеңіп алды, «Бэта-лига-2016» турнирінде жеңіске жетіп, «Фантазия турнирі» кубогымен марапатталды. Студенттік пікірсайыс клубтары – сөз жарыстыруға арналған интеллектуалды орта болып табылады. Мұнда әрбір қатысушы кез келген тақырыпқа өз пікірін білдіре отырып, өзінің ойын толық жеткізуді, біреуге сын айтуды, суырып-салма өнерін меңгеруді және соның бәрінен ләззат ала білуді үйренеді.

## **SPORTLAB**

Бұл спорттық ұйымның ең басты міндеті – студенттерді дұрыс өмір сүруге, спортқа баулу, олардың арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру. Клуб мүшелері бұған Университет қабырғасында өтетін әртүрлі спорттық жарыстар арқылы қол жеткізеді. SportLab клубының ең басты мақсаты – студенттер саламатты өмір сүру үшін барлық мүмкіндіктерді жасау. Өйткені спортқа деген қызығушылық әрқашан алда болады, сондықтан да жас спортшылар Университет қабырғасында кибер-спорт түрін дамытуға атсалысып келеді.

## **«БӘЙШЕШЕК» ӘДЕБИ БІРЛЕСТІГІ**

Студенттердің шығармашылық бірлестігі (поэзия, драма және т. б.), бұл жерде студенттер өздерінің жазған өлеңдері мен басқа да шығармашылық туындыларын әртүрлі газет-журнал беттерінде жариялауға мүмкіндік жасалған.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

Музыкадан хабары бар, әнге құмар жандар осы тамаша алаңға жиналады. Олар бір-бірімен үнемі ыстық ықылас пен достық қарым-қатынаста араласып тұрады. Клуб мүшелері – республикалық музыкалық байқаулар мен фестивальдардың лауреаттары. Клуб жанынан «The Fake» аспапты тобы мен «КВАРТЕТ» ансамблі құрылған. Ал студенттік хор мен оркестрдің тарихы сонау 1934 жылдан, яғни Университеттің құрылған уақытынан бастау алады. Арада өткен 85 жылда бұл шығармашылық ұйымдардың бірнеше өнерлі ұрпақтары ауысып жатса да, олар әлі күнге дейін студенттердің өмірін ән мен жырға, көтеріңкі күйге бөлеп келеді.



### **Білу маңызды:**

Сіз өзіңізге ұнайтын жаңа қауымдастық құра аласыз. Ол туралы барлық сұрақтар бойынша Студенттік жұмыстар жөніндегі департаментке (ДСВ, НК 408-кабинет ) немесе Базалық білім беру институтының деканатына (ГУК 616-кабинет) бару керек.



# СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ СТУДЕНТТІК ӨМІР

Әрбір оқу жылының басында маңызы өте зор, тамаша іс-шараларды өткізу Сәтбаев Университетінде дәстүрге айналған. Атап айтқанда, бұл – Студенттік қауымдастықтар жәрмеңкесі, Бірінші курстарға арналған тимбилдинг және Мейірім апталығы.

**Студенттік қауымдастықтар жәрмеңкесі** жаңа келген студенттерге Университет өміріне оңай әрі тез араласуға көмектеседі. Ал қауымдастықтар үшін бұл бірінші курс студенттерін өз қатарына баулуға мүмкіндік береді. Студенттік өмір – адам өміріндегі ерекше бір сәт болып саналады, өйткені дәл осы кезде адам өзінің бойындағы әртүрлі қабілеттерін сынап көріп, жаңа бір бастамаларды іске асыруға талпынады.

Сәтбаев Университетінде бірінші курстарға құрмет көрсетіліп, оларды студенттер қатарына қабылдау – күзгі ерекше бір науқан болып саналады. Бұл мереке тамаша табиғат аясында өтіп, онда әртүрлі қызықты ойындар мен іс-шаралар ұйымдастырылады. Жаңа келген студенттер өздерінің оқытушыларымен және бір-бірімен етене танысып, көңіл көтереді. Мұнда алған әсер бүкіл оқу жылына азық болып, өзара қарым-қатынасты жақсартады.

**Мейірім апталығы** – әлеуметтік тұрмысы төмен жандарға көмек қолын созып, қоғамға қандай да бір пайда келтіруге бағытталған көптеген іс-шаралар кешені. Бұл апта ішінде қайырымдылық концерттер, жастарға арналған қызықты Sweet Fair, Dance Battle, караоке-баттл жарыстары, спорттық жарыстар, Halloween және басқа да көңілді іс-шаралар өтеді.

Біз бірінші курс студенттерін осындай тамаша да қызықты студенттік өмірге белсене араласуға шақырамыз. Сондай-ақ әрбір студент өзіне ұнайтын қауымдастық ұйымдастырып, оны тіркеуден өткізуге және тамаша идеяларды іске асыруға құқылы екенін тағы да естеріңізге саламыз.



# ХОККЕЙ – ЭТО ЖИЗНЬ!



29 марта 2019 года альма-матер технической элиты Республики Казахстан, Satbayev University организовал хоккейный матч между выпускниками ВУЗа разных лет и алматинской командой «Дельта».

## UNIQUUM® – СТУДЕНТТИК ЖУРНАЛ


**UNIQUUM®** журналы – оқу үдерісі бойынша өзекті мәселелер көтеріліп, оқу орнының қоғамдық және инновациялық дамуы туралы материалдар жарияланатын ашық алаң болып табылады. Журналда Сәтбаев Университетінің студенттік өмірі жан-жақты суреттеледі.

**UNIQUUM®** журналында жарияланатын материалдар – университетте, қаламызда, тіпті тұтастай елімізде өтетін әртүрлі іс-шаралар туралы ақпараттар; мәдени және ғылыми жаңалықтар; тұлғалар тағдыры жайлы, бизнес пен шығармашылық тақырыбында жазылған көптеген мақалалар – белсенді де саналы жастардың көңілінен шығатынына сенімдіміз. Міне, осының бәрі студенттер арасында қызу талқыланып тұрады.

Студенттердің жан-жақты дамуында, олардың арасында қайырымдылық және патриоттық сезім ұялатуда журналдың атқаратын рөлі зор, әрі журналдың қонағы немесе мақала авторы ретінде журнал бетінен орын алуға студенттерге тамаша мүмкіндік береді.

**Басылым тілі:** қазақ, орыс, ағылшын.

Ешкеш пердә нәвалом матчә на трибунах шаркыло оживленное вәселәле. Студентти крикәли крикәли, бол-пәләшәли развәрәчә-валли прәгәртәваләнәтә зарәвәнәе плавәтә. Яр-нәе спортивнәе мерәвәртәкә на ләдәвәй әрнәе. Быләе посвәчәвәно одәрәвәчәвәно нәсәләвәли сабәл-тинә: 85-ләтәлиә Satbayev University, 120-ләтәлиә со днә рождәниә Кә-стәвәли Сәтбәевә, «Алматын Бүрәтә».



**UNIQUUM®** журнал мақаласының қонағы, әлде авторы болғыңыз келе ме? Тамаша мүмкіндік бар! Ол үшін [satbayev.magazine@gmail.com](mailto:satbayev.magazine@gmail.com) поштасына хат жазыңыз! Редакция алқасы барлық хаттарды мұқият оқып шығады.

## **«TECHNOPOLIS POLITECH» ТЕХНОПАРКИ**

Технопарк 2004 жылы құрылған, ғылымды қажет ететін технологияларды динамикалық түрде дамытуды, ғылыми-техникалық және технологиялық зерттеулерді өндіріске енгізуді ұйымдастыру үшін оны Университет ғалымдары арнайы жасаған. Университет территориясында орналасқан технопарк ғылыми жобалармен айналысатын командаларды қалыптастырып, олардың жұмыла еңбек етуіне септігін тигізеді, ұжымдық бизнес-құрылымдарға, стартаптарға зерттеу алаңдарын, қажетті компьютерлік техника мен интернет ресурстарын ұсынады. Атап айтқанда, бұл өндіріс алаңдары, ұжымдық бизнестік қызметтер көрсету, гранттық қаржыландыру жөнінен кеңес беру, ғылыми жобалық команда құру, жаңадан ашылған жас кәсіпорындарды дамыту және т.б. Бастамашылар компьютерлік техникамен, интернетпен, жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі. Ғылыммен тереңірек айналысқысы келетін жандарға Technopolis Politech әрқашан ашық.

## **ТӘЖІРИБЕЛІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ БЮРО FABLAB**

FABLAB өндірістік зертханасы соңғы шыққан жоғары дәлдікті, электронды аппаратурада күрделі құрал-жабдықтар мен теңдесі жоқ тамаша бұйымдарды жасау жөнінде қызмет көрсетеді. Онда орнатылған 3D-баспасының материалдық-техникалық базасы ең қысқа мерзімде 3D-модельдерді, әртүрлі үлгілердегі бұйымдар мен ойыншықтарды, сувенирлерді жасап шығаруға мүмкіндік береді.

## **СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

Сәтбаев Университетінің дәрігерлік пунктінде студенттерге алғашқы дәрігерлік көмек бюджет есебіне тегін түрде көрсетіледі. Әсіресе алдын ала ем-дом жүргізу шараларына баса назар аударылады. Сонымен қатар кепілдікті медициналық көмек беру шаралары аясында студенттерге де, қызметкерлерге де диагностикалық және емдік медициналық қызметтер тегін түрде көрсетіледі.

*Дәрігерлік пункт Кіші оқу корпусында (МУК) орналасқан  
(Сәтбаев көшесі, 22а, Сейфуллин көшесінің бұрышы).  
Тел.: 292-57-80; 292-70-44 (терапевттер).*

## ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Сәтбаев Университетінің ғылыми кітапханасы – ҚР жоғары оқу орындарының кітапханалары ішіндегі ең ірісі. Оның қорында 2 миллионнан астам кітап, соның ішінде XVI–XIX ғасырларда жарық көрген көркем әдебиеттің өте сирек кездесетін тамаша үлгілері сақталған. Ғылыми кітапханада қызмет көрсететін 14 бөлімше: 8 абонемент және 6 оқу залы бар. Ғылыми кітапхана (ГМК) қоры жаңа оқулықтармен, басылымдармен үнемі жаңартылып, толықтырылып отырады. 500-ден астам мерзімді басылымдардың электрондық және баспалық форматына жазылу жүргізіледі. Кітапхана өз байланыс аясын кеңейтіп, шетелдік және ТМД елдерінің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары кітапханаларымен кітап алмастырып отырады. Электрондық кітапхана жүйесін іске қосу жұмысы 2009 жылдан бері жүргізіліп келеді, оның көлемінде 18 000-нан астам құжат болады деп күтілуде. Электрондық кітапханаға кіруге мүмкіндік алу үшін, студенттер 174, 187 кабинеттерде (ГМК) ғылыми кітапханада тіркелуден өту керек





**Ғылыми кітапхананың абонемент және оқу залдарының  
мекенжайы мен күн тәртібі**

<b>АБОНЕМЕНТТЕР, ОҚУ ЗАЛДАРЫ, БӨЛІМДЕР</b>	<b>№ КАБ.</b>	<b>Дүйсенбі – жұма</b>	<b>Сенбі</b>
<b>1-қабат ГМК</b>			
Төменгі курс студенттеріне арналған орыс тіліндегі әдебиеттер абонементі	<b>187</b>	8.30 – 17.30  13.00 – 14.00 (үзіліс)	демалыс
Қызметкерлер, докторанттар мен магистранттар және жоғары курс студенттеріне арналған орыс тіліндегі әдебиеттер абонементі	<b>174</b>		
Ғылыми әдебиет абонементі	<b>172</b>		
Көркем әдебиет абонементі	<b>183</b>		
Сирек кездесетін кітаптар мен диссертацияларды оқу залы	<b>177</b>		
Мерзімді басылымдарды оқу залы	<b>176</b>	8.30- 20.00 (үзіліссіз)	10.00 – 17.00
<b>2-қабат ГМК</b>			
Төменгі курс студенттеріне арналған қазақ тіліндегі әдебиеттер абонементі	<b>266</b>	8.30 – 17.30 13.00 – 14.00 (үзіліс)	демалыс
Қызметкерлер, докторанттар мен магистранттар және жоғары курс студенттеріне арналған қазақ тіліндегі әдебиеттер абонементі	<b>271</b>		
ИиТТ (IT) абонементі	<b>264</b>		
Шетел әдебиеті абонементі	<b>270</b>		
Оқу залы	<b>268</b>		
Оқу залы	<b>273</b>		
Оқу залы	<b>269</b>		
Электрондық ресурстар залы	<b>265</b>	8.30- 20.00 (үзіліссіз)	10.00 – 17.00

## БАЙЛАНЫСТАР

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор  
Ринат Маратович Искаков


E-mail: [r.iskakov@satbayev.university](mailto:r.iskakov@satbayev.university)  
НК, каб. 407

### А.МАШАНИ АТЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

<b>Директор</b> Саренова Айгүл Сапарбековна	Қабылдау бөлмесі +7 (727) 257 71 32 ГУК 615-каб.
<b>Дирекция</b>	Қабылдау бөлмесі +7 (727) 292 43 06 ГУК 616-каб.
<b>«Ағылшын тілі» кафедрасы</b> меңгерушісі: Тұрлыбекова Анар Орынбаевна	+7 (727) 257-73-80 ГУК 823, 825-каб.
<b>«Қазақ және орыс тілдері» кафедрасы</b> меңгерушісі: Үдербаев Алмас Жауынбайұлы	+7(727) 257-70-97 ГУК, каб. 521
<b>«Қоғамдық пәндер» кафедрасы</b> меңгерушісі: Ақатаева Алия Асқаровна	+7(727) 257-71-95 ГУК, каб. 812, 814
<b>«Дене шынықтыру» кафедрасы</b> меңгерушісі: Иматалиев Талап Сайпуллович	+7(727) 257-71-85 ГМК, каб. 102

### УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ

<b>Студенттерге қызмет көрсету орталығы</b>	+7 (727) 320 40 16 ОР, №1 бөлім
<b>Халықаралық ынтымақтастық департаменті</b>	+7 (727) 257- 70-19 НК, каб. 903
<b>Студенттермен қаржылық жұмыс жүргізу бөлімі</b>	+7 (727) 257-70-29 НК, каб. 217
<b>Студенттік мәселелер жөніндегі департамент</b>	+7 (727) 257-70-75 НК, каб. 408
<b>Студенттік жатақханалар басқармасы</b>	+7 (727) 257-71-43 № 1 жатақхана
<b>Әскери тіркеу секторы</b>	+7 (727) 292 77 97 ГУК, каб. 341



## ПАЙДАЛЫ СІЛТЕМЕЛЕР


**[satbayev.university](http://satbayev.university)** – Университеттің ресми веб-сайты.

**[vk.com/satbayevuniversity](https://vk.com/satbayevuniversity)** – vk әлеуметтік желісіндегі ресми бет.

**[www.facebook.com/satbayevuniversity](https://www.facebook.com/satbayevuniversity)** – fb желісіндегі ресми топ.

**[www.youtube.com/user/TheKazntu/featured](https://www.youtube.com/user/TheKazntu/featured)** – Youtube-тегі ресми канал.

**[uniquim.satbayev.university](http://uniquim.satbayev.university)** – «UNIQUM<sup>SU</sup>» студенттік журналының ресми сайты. Журнал университет брендтерін жарнамалап, студенттік өмірді таныстырады.



# FAQ –

## ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

*Ата-аналар үшін  
де пайдалы*



### **«Бағыт беру апталығы» деген не және ол қашан өтеді?**

Бағыт беру апталығы тамыз айының 19-нан 23-не дейін өтеді. Ол кезде бірінші курс студенттері мен олардың ата-аналарына арналған әртүрлі та-ныстыру шаралары өтеді. Сіздер мектеп пен Университеттегі оқу жүйесінің айырмашылығын біліп, «Кредиттік оқу жүйесімен (КТО)», академиялық мо-бильдік бағдарламасымен (мысалы, Европада), сондай-ақ Университеттегі студенттік ұйымдардың президенттерімен танысасыздар.

### **Бағыт беру апталығына ата-аналар қатыса ала ма?**

Біз ата-аналарды да қошеметпен қарсы аламыз, өйткені мұндағы ақпарат олар үшін де өте пайдалы.

### **Бейімделу апталығы кезінде ата-аналарға жатақханадан орын беріле ме?**

Жоқ. Жатақханадан орын тек студенттерге ғана беріледі.

### **Егер студент ҰБТ тапсырған болса, оған тілден, математика/физика пәндерінен диагностикалық тест тапсырудың қажеті қанша?**

Әр студенттің білім деңгейін тексеру Сіздерді математика, физика, ағылшын және қазақ/орыс тілдері пәндері бойынша топ-топқа бөліп, басынан ба-стап сабақ жоспарын дұрыс құруға көмектеседі. Студенттер мектепте әртүрлі дәрежеде білім алып келеді, сондықтан олардың әрқайсысының білім деңгейіне сәйкес дара тіл табу – Университеттің басты мақсаты.

*Естеріңізде болсын! Тест тапсырған кезде «шпаргалка» қолдануға немесе басқа біреуден көшіруге тыйым салынады, өйткені біз Сіздің шын мәніндегі біліміңізді анықтап, қажетті топқа бөлеміз. Сіздің күзгі семестрдегі оқу үлгеріміңіз дәл осыған байланысты болады! Бұл тестінің нәтижесі болмаса, Тіркеу кеңсесі (ОР) Сізге сабақ кестесін жасай алмайды!*

### **«Оңай» транспорттық картасына қалай тапсырыс беруге болады?**

**«Оңай»** көлікте жол жүру карточкаларын алу үшін в контакте әлеуметтік желісінен достық ұсыну керек. [vk.com/moldabekkyzy](https://vk.com/moldabekkyzy) Келесі мәліметтерді жіберіңіз:

1. Аты-жөні;

2. Курсы;

3. Ұялы тел. нөмірі;

4. Көлік картасын шығару үшін төлем туралы түбіртеккі бекіту (*QiWI терминалы арқылы 500 теңге төлеу қажет - Қызметтерді төлеу, Көлік және туризм, Оңай, көлік картасын шығару үшін төлем жасау, одан әрі өз ЖСН енгізу және 500 теңге енгізу қажет*). Дайын Оңай карточкаларын ВКонтакте әлеуметтік желісінде тізім шыққаннан кейін 402-кабинеттен ОБФ (ГУК) алуға болады. [vk.com/kazntu\\_kz](https://vk.com/kazntu_kz)

### **ID-карта не үшін керек?**

Бұл – Университет территориясына кіруге рұқсат беретін бірден-бір құжат, әрі ол студенттік билет және кітапханадан оқулық алу үшін оқырман билеті ретінде де қолданылады. ID-картаны басқа тұлғаға беруге немесе басқа біреудің ID-картасын қолдануға қатаң тыйым салынады. Бұл ережені бұзғаны үшін студент тәртіптік жазаға тартылып, оған қатаң сөгіс жарияланады!

### **Шәкіртақы алу үшін банк картасын қалай ашады?**

#### **Мен шәкіртақыны қашаннан бастап аламын?**

Мемлекеттік грант бойынша оқуға түскен студенттерге шәкіртақы беріледі. Ол үшін Сізге банкте (БанкЦентрКредит, Каспи банк, Халық банк, АТФ) карта ашу қажет. Егер әлі 18 жасқа толмаған болсаңыз, ата-ананың бірімен бару керек. Содан кейін банктен алған реквизиттерді (20-сандық есеп-шот нөмірін) бухгалтерияға (203-кабинет, НК) өткізесіз. Қыркүйек айының шәкіртақысы картаңызға қазан айынан бастап аударылады. Одан кейін әр айдың соңында шәкіртақы алып тұрасыз. Сонымен қатар жылына екі рет жол жүру ақысы төленеді ( ақпан айының соңында және маусым айының соңында).

*Ескерту! Егер де семестр соңында қандай да бір пәннен Сізде «С» деген баға болса (немесе 70 балдан төмен болса), онда Сізге шәкіртақы берілмейді!*

#### **@dekanat\_ibo инстаграмында не жарияланып тұрады?**

Ол жерде бірінші курс студенттеріне арналған барлық жаңалықтар (іс-шаралар, студенттік ұйымдар туралы жаңалықтар, арнайы шықырылған қонақ жүргізетін дәрістер мен семинарлар, жарнамалар) жарияланып тұрады. Сондай-ақ Сіз ол жерде сұрағыңызды қойып, тиісті жауабын ала аласыз. Сондықтан да егер Сізде инстаграм-аккаунт жоқ болса, тезірек ашып, тіркелу керек.

#### **Егер де студент ауырып қалса, не істеу керек?**

Егер студент ауырып қалса, немесе оған жедел медициналық жәрдем керек болса, сондай-ақ медициналық көмек жайлы толық ақпарат алғыңыз келсе, Сіз Университет территориясында орналасқан «Медикер» медициналық орталығының көмегіне жүгіне аласыз (картаны қараңыз).

#### **Қандай жағдайларда студент мемлекеттік гранттан айырылып қалады?**

Білім беру гранты бір жылға беріледі. Оны сақтап қалып, әрі қарай келесі жылда гранттық негізде оқу үшін қажетті GPA жинау керек. Гранттан айырылып қалуға мына төмендегі жағдайлар себеп болуы мүмкін:

- Академиялық үлгерімі төмен болса (егер де оқу жылының соңында студенттің білім деңгейі кумулятивтік GPA бойынша қажетті 4.0 ішінде 1.6-дан төмен болса);
- Егер де студент Сәтбаев Университетіндегі немесе басқа жоғары оқу орнындағы басқа мамандыққа ауысатын болса;
- Өз еркі бойынша оқудан шыққан жағдайда.

Мемлекеттік гранттан айырылған студенттерге ақылы түрде оқуын жалғастыру құқығы беріледі.

### **Эдвайзер деген кім және оның міндеттері қандай? Студенттің оқу үлгерімі туралы ата-аналар қалай біліп тұрады?**

Эдвайзер – студентке академиялық сұрақтар бойынша кеңес беріп тұратын оқытушы және ол студенттің тіркелу сәтінде мамандық бойынша оқу пәндерін таңдаған кезде (ИУП құру, кредиттік оқу жүйесінің (КТО) ережелерін түсіндіру және т. б.) көмек береді.

*Ескерту! Ата-аналарға баласының пәндер бойынша оқу үлгерімін және сабаққа қаншалықты толық қатысатыны туралы ақпаратты білім беру порталынан (студенттің жеке парақшасынан оның логині пен паролі арқылы) қадағалап отыруына болады. Студенттің оқу үлгерімі және сабаққа қаншалықты толық қатысатыны туралы ақпаратты ата-аналарына хабарлап тұру – эдвайзердің міндетіне кірмейді. Алайда онымен хабарласып, студенттің оқу үлгерімі туралы кеңес алып тұруға болады.*

### **Көп балалы отбасынан немесе тұрмыс жағдайы төмен отбасынан келген студенттерге, мүгедек және жетім балаларға және т. б. арналған жеңілдіктер бар ма?**

Ия, әрине, ондай жеңілдіктер арнайы құжат негізінде қарастырылады. Бұл сұрақтар туралы толық ақпаратты Студенттік мәселелер жөніндегі департаменттен (Әлеуметтік сектор, 407А-кабинет, НК) білуге болады.

### **Оқу орнынан берілетін анықтаманы қайдан алуға болады?**

- 1) Егер де анықтама әскери тіркелу үшін қажет болса (әскери қызметтен босатылу үшін), онда ГУК 341-кабинетке барыңыз.
- 2) Егер де анықтама әлеуметтік жеңілдіктер алу үшін қажет болса (көп балалы отбасынан немесе тұрмыс жағдайы төмен отбасынан келген студенттерге, мүгедек және жетім балаларға және т. б.), онда Әлеуметтік секторға (НК 407а-кабинет) барыңыз.
- 3) Егер де анықтама басқа да жағдайларда қажет болса (банкке, мектепке, практикадан өту үшін және т. б.), онда – ОР №1 бөліміне барыңыз.

## ТЕРМИНДЕР АНЫҚТАМАСЫ



**Апелляция** – студенттердің білімін объективсіз бағалауға ықпал еткен факторларды анықтау және жою процедурасы.

**ИУП** (жеке оқу жоспары – индивидуальный учебный план) – академиялық оқу мерзімінде белгілі бір студенттің оқу траекториясын көрсететін құжат, оған оқу пәндерінің тізімі мен таңдап алынған кредиттер саны кіреді. Ол РУП негізінде құрылады.

**Add/Drop** аптасы – оқу мерзімінің алғашқы аптасы, студент үшін бір пәннен бас тарту немесе жаңа пәнге жазылу кезеңі.

**Тіркеуші кеңсе (Офис регистратора (ОР))** – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

**Кеңсе-сағат (офис-час)** – оқытушымен академиялық тұрғыда белгілі бір тақырыпты түсіндіруге немесе белгілі бір мәселені тақылауға болатын сабақтан тыс уақыт.

**Пререквизиттер** – оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер.



**Постреквизиттер** – аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер.

**Проктор** – емтихан жүргізу ережелерінің сақталуын қадағалайтын университет қызметкерлері қатарынан белгіленетін тәуелсіз бақылаушы.

**Ритейк (retake)** – белгілі бір пәннен қорытынды емтихан тапсыру барысында «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда пәнді қайта оқу. Пәнді қайта оқу тек ақылы негізде жүзеге асырылады.


**Аралық бақылау** – рубежный контроль (аттестация) – оқу пәнінің белгілі бір бөлімін бітіргеннен кейін студенттердің білімін тексеру шарасы. Оны сол пәннің оқытушысы оқу мерзімінің 8-ші және 15-аптасында өткізеді.

**Силлабус** – пәннің сипаты, қысқаша мазмұны, сондай-ақ оқылатын пәннің мақсаты мен міндеттері, студент алатын қажетті білімі мен дағдылары, әрбір сабақтың тақырыбы мен ұзақтығы, өзіндік жұмыс тапсырмалары, офис-сағаттар уақыты, оқытушы талабы, білімді бағалау критерийлері, жұмыстарды тапсыру графигі мен пайдаланған әдебиеттер тізіміннен тұратын оқу бағдарламасы.

**Транскрипт** – білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат. Қол мен мөр қойылған ресми транскриптіні Тіркеуші кеңседен алуға болады (ОР), №7 және 1 терезе.

**Эдвайзер** – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.







1. Бас оқу корпусы (ГУК)
2. Қабылдау комиссиясы (ПК)
3. Мұнай корпусы (НК)
4. Тау-кен металлургия корпусы (ГМК)
5. Кіші оқу корпусы (МУК)
6. Өнеркәсіптік инженерия институты
7. Машина жасау институты
8. Тау-кен металлургия институтының оқу полигоны
9. Технопарк (оқу-өндірістік цех)
10. Жылу корпусы
11. Әскери корпус
12. Сандық техника және технологиялар институты (ИЦТТ)
13. Тіркеуші кеңсесі (ОР)
14. Колизей
15. Медициналық пункт
16. Жатақхана № 1, 2, 3
17. FABLAB
18. Жас ғалымдар үйі
19. Қ.И.Сәтбаев ескерткіші



# АНЫҚТАМА-КИТАПША

## БІРІНШІ КҮРСЕТАРҒА АРНАЛҒАН

### 2019

# ПУТЕВОДИТЕЛЬ ПЕРВОКУРСНИКА

БУДЬТЕ ЛУЧШИМИ  
В ЛУЧШЕМ ТЕХНИЧЕСКОМ!



# ВАШЕ БУДУЩЕЕ НАЧИНАЕТСЯ ЗДЕСЬ



Вся информация верна на момент отправки справочника в печать.  
Обновление отслеживать на сайтах [www.satbayev.university](http://www.satbayev.university)  
и [www.kaznitu.kz/ru](http://www.kaznitu.kz/ru).

Проконсультироваться можно в деканате  
Института базового образования им. А. Машани  
(ГУК, каб. 616. Тел.: 8 (727) 292-43-06).

